

Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерін әлеуметтік қолдау жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 15 шілде N 1804. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Президентінің 1995.07.31. N 2394 Жарлығымен.

1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің таяп қалған 50 жылдығына байланысты және Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің сінірген еңбегін ескере келіп, қаулы етемін:

1. 1994 жылғы 1 қазаннан бастап Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне мынадай жеңілдіктер берілсін:

- алып жүрген зейнетақысына жасына байланысты ең төменгі зейнетақы мөлшерінде ай сайын ұстемеақы төленсін;

- өздеріне тиесілі немесе өздері тұрған, бірақ 50 шаршы метрден аспайтын тұрғын алаң үшін; көрсетілетін коммуналдық қызмет үшін /тұрғын алаңының көрсетілген нормасы шегінде, сумен жабдықтау, канализация, ыстық сумен жабдықтау, орталықтан жылышту, ал орталықтан жылыштуы жоқ үйлерде - белгіленген нормалар шегінде отынның құны үшін/; тұрмыстық мұқтажға пайдаланылатын электр қуаты үшін; тағам әзірлеуге пайдаланылатын газ, пәтерлік телефонды пайдаланғаны үшін /қалааралық сөйлесуден басқа/ пайдалану шығындарын төлеуден босатылсын;

- ТМД елдері шегінде әуе, темір жол және қалааралық автомобиль көлігінде жылышна бір рет /бару мен қайту/ тегін жүріп тұратын болсын;

- дәрігерлердің рецепті бойынша есту протезі аппаратымен және көзілдірік оптикасымен тегін қамтамасыз етілсін;

- респубикалық бір басылымға және жергілікті мерзімді бір басылымға жазылу кезінде 50 проценттік шегерім жасалсын;

- қандай меншік нысанына қатысты екендігіне қарамастан кәсіпорындар мен мекемелердің есебінен моншаға, мәдени-ойын сауық немесе спорт шараларына, шаштаразға тегін бару құқығы берілсін;

- дәрігерлердің қорытындысы бойынша жылышна бір рет санаторийде емделуге тегін жолдама алатын болсын;

- 1995 жылы, егер бұрын бірінші кезекте пәтер алу құқығын пайдаланбаған болса, кезекте тұргандардың бәрі пәтермен қамтамасыз етілсін;

- жеке тұрғын үйлеріне жөндеу құнының 50 процентінде шегерім жасалып

бірінші кезекте құрделі жөндеу жүргізілсін;

- отбасы мүшелеріне немесе жерлеуді ұйымдастыратын адамдарға Ұлы Отан соғысына қатысушыны немесе мүгедекті жерлеуге айлықақының 35 ең төменгі мөлшері сомасында жәрдемақы берілсін;

- жыл сайын айлықақының 4 ең төменгі мөлшеріндегі сомада бір жолғы жәрдемақы төленетін болсын.

2. Ұлы Отан соғысындағы Женістің 50 жылдығын мерекелеу құрметіне:

- әкімдер Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне тұрақты қамқорлық жасауды күшайту жөнінде қосымша шаралар қолданып, бұған кәсіпорындар мен ұйымдардың, коммерциялық құрылымдардың басшыларын, жекеменшік кәсіпкерлерді тарататын болсын;

- қажет болған жағдайда Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектерінің ТМД шеңберінде Жауынгерлік Даңқ орындарына топ құрап тегін барып қайтуын қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- "Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер және оларды әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын 3 ай мерзімде дайындалап, Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне енгізсін;

- Ұлы Отан соғысына қатысушылар мен мүгедектерді салық, баж

және алым төлеуден босату туралы Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне ұсыныс енгізсін;

- Жарлыққа сәйкес жеңілдіктер беруге байланысты шығындарға, сондай-ақ Ұлы Отан соғысындағы Женістің 50 жылдығына дайындық және оны мерекелеу жөнінде Қазақстан Республикасы Президентінің шешімімен құрылған Республикалық ұйымдастыру комитетінің бағдарламасынан туындағын шығындарға өтем жасаудың тәртібі мен көздерін анықтасын.

4. Осы Жарлық баспасөзде жарияланған сәтінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК